

Кімге: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Автордың аты-жөні мен лауазымы: Сапарбаева Сұлушаш Айдарбайқызы, Қызылорда облысының білім басқармасының балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қорғау бөлімінің бас маманы
Орындаған күні: 08.11.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Инклюзивті және арнайы білім беру: Озық тәжірибелер және болашақтағы даму векторы.

Кілт сөздер: инклюзивті және арнайы білім беру, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, аутизм, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, кемтар бала, озық тәжірибелер, заманауи трендтер, қолжетімділік, инклюзивті мәдениет, тең қоғам.

Кіріспе: Инклюзивті және арнайы білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаға өзін қоғамда тең сезінуге және өз құқықтарын бәрімен бірдей іске асыруға мүмкіндік беретін жүйе.

ҚР «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беруге қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені көрсетілген.

Инклюзивті білім балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті жоққа шығаратын, барлық адамдарға бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға ерекше жағдай жасайтын идеологияға негізделген.

Дегенмен біздің қоғамда инклюзивті білім беруге қаншалықты жағдай жасалған? Жалпы қоғамда инклюзивті мәдениет қалыптасқан ба? Соңғы жылдары аутизм диагнозы қойылған балаларға қаншалықты жайлы орта қалыптасқан? Осы аналитикалық жазбада инклюзивті және арнайы білім беру бағыттарына талдау жүргізілетін болады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған.

Инклюзивті білім беру туралы ереже 2006 жылғы 13 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен мақұлданған «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ конвенциясына енгізілген.


Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру – бұл жалпы білім берудің трансформациясы. Мұнда бала мектептің қажеттіліктеріне емес, мектеп баланың қажеттіліктеріне бейімделуі керек. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық

сүйемелдеусіз және олардың білім алу қажеттіліктерін бағалаусыз инклюзивті білім беру туралы айтуға болмайды.

«Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалардың, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар жасалуы міндетті.

Алайда инклюзивті және арнайы білім беру бағытында осы міндеттерді атқару механизмі қаншалықты тиімді жасалуда? Қазақстанға дамыған елдердің тәжірибесін қолдану қаншалықты маңызды?

Жалпыға міндетті білім беру стандартына алдыңғы қатардағы елдердің заманауи нәтижеге бағытталған әдіс-тәсілдерді енгізуге қадам жасау үшін маңыздылығына тоқталып өтетін боламын.



Негізгі бөлім: Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуда еліміздің білім беру саласының атқарып жатқан жұмыстары орасан зор. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінде Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті құрылып, кедергісіз орта және тең қоғам қалыптастыруда қарқынды жұмыстар жалғасын тауып отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында әрдайым инклюзивті қоғам құру, білім беру жүйесінің қолжетімді әрі инклюзивті болуын қатаң тапсырады.

Бұл ретте, Қызылорда облысының білім беру саласында инклюзивті және арнайы білім беру бағытында атқарылған жұмыстар мен қабылданған шаралар нәтижесінде көптеген жетістіктерге қол жеткізілді.

Атап айтар болсақ, 2019 жылы арнайы Жол картасы бекітіліп, 4 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінген. Бұл аймақтағы инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы мәселелерді шешуде және дамытуда бастамашы болды.

Қазіргі таңда 2024-2025 оқу жылының 1 қыркүйегі бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация есебіне 7896 мүмкіндігі шектеулі бала (2023-2024 оқу жылында 7494, 402-ге өсім) есепке алынды. Консультациядан 1 күнде мемлекеттік қызмет алуға келетін (орташа есеппен 4 бала) баланың орташа санына назар аударатын болсақ, бұл есеп күн сайын өсе береді.

7896 баланың ішінде 1883 бала балабақшада, 2284 бала мектепте, 1439 бала үйден, 273 бала арнайы мектептерде, 230 бала колледжде, 4 бала ЖОО-нда білім алады. 450 бала арнаулы әлеуметтік қызметке жолданған. Яғни, 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамаға сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған балалардың үлесі 2024 жылы 85 пайызға дейін көтеру жоспарланған болса, облыста бұл көрсеткіш 90,5 пайызды (2022-2023 оқу жылы 85 %, 2023-2024 оқу жылы 88,3 %) құрап отыр.

Аталған тұжырымдамаға сәйкес инклюзивті білім беру бойынша жағдай жасаған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі республика бойынша 2024 жылы 80 пайызға, мектептерде 90 пайызға, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 80 пайызға дейін көтеру жоспарланған. Бүгінгі күні облыс бойынша инклюзивтік білім алуға жағдай жасаған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 92 %, жалпы орта білім беретін мектептердің үлесі 97 %, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 94 пайызды құрап отыр (2024 жылғы 1 қазандағы көрсеткіш).

Аймақтар	Мектепке дейінгі білім беру	Орта білім беру	Техникалық және кәсіптік білім беру
Республика бойынша	41%	88%	78%
Абай облысы	45%	88%	84%
Ақмол облысы	31%	91%	78%
Ақтөбе облысы	35%	87%	87%
Алматы облысы	40%	87%	77%
Атырау облысы	25%	85%	82%
БҚО	37%	86%	78%
Жамбыл облысы	27%	81%	75%
Жетісу облысы	25%	87%	90%
Қарағанды облысы	50%	92%	78%
Қостанай облысы	38%	94%	77%
Қызылорда облысы	92%	97%	94%
Маңғыстау облысы	76%	94%	80%
Павлодар облысы	36%	91%	69%
СҚО	41%	88%	67%

Түркістан облысы	28%	82%	97%
Ұлытау облысы	47%	84%	64%
ШҚО	41%	89%	77%
Астана қаласы	76%	94%	70%
Алматы қаласы	73%	97%	61%
Шымкент қаласы	93%	91%	64%

Айта кетер жайт, жоғарыдағы кестедегі мәліметтерге көрсеткендей бұл республикада инклюзивті жағдай жасау үлесі бойынша жоғары көрсеткіш.

Яғни, аталған тұжырымдама бойынша артылған міндет толығымен орындалды. Дегенмен, алдағы уақытта тұжырымдамаға сәйкес тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу бойынша міндетті көрсеткіштерге 100 пайыз қол жеткізу жұмыстары жалғаса беретін болады. Себебі жыл сайын мүмкіндігі шектеулі балалардың саны өсіп келеді.

Соңғы 5 жылда мүмкіндігі шектеулі бала саны (2020 ж. - 6565, 2021 ж. - 6657, 2022 ж. – 6711, 2023 ж. – 7494, 2024 ж.-7896) 10,2 % өскен. Олардың ішінде, сөйлеу тілінің бұзылуы (ауыр) 22,5 %, қарым қатынаспен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің қиындықтары (аутизм) бар балалар 23,7%-ға өскен.

Айта кетейік, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың шамамен 50 пайызы нәтижелі түзете-дамыту бағдарламасы ұсынылса ерте жаста оңалтылуы мүмкін.

Бұл ретте, арнайы білім беру ұйымдарының ролі маңызды.

Оңалту, түзету шарамен қамту мақсатында облыс бойынша 23 арнайы білім беру ұйымдары (6 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 9 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттер, 3 оңалту орталығы, 3 арнайы мектеп-интернат, 1 арнайы балабақша, 1 аутизм орталығы) жұмыс жасайды.

ҚР №343 Заңы талаптарына сәйкес облыста елу мың балаға 1 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар құрылу тапсырмасы қамтамасыз етілген.

Яғни, облыста 0-18 жас аралығында 348 085 балаға 6 ПМПК қызмет көрсетеді.

1 ПМПК-ға жылына орташа есеппен 1000-ға жуық мүмкіндігі шектеулі бала есепке алынады.

2023-2024 оқу жылы бойынша есепке алынған балалардың 50,6 пайызы балабақша мен мектептерге қосылды.

Облыстағы 9 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен 1 аутизм, 3 оңалту орталықтарында 1 жылда 1000-нан аса бала көмек алады.

Қабылданған шаралар мен атқарылған жұмыстар нәтижесінде жалпы білім беру ортасына қосылған бала саны жыл сайын ұлғайып келеді. Соңғы 5 жылда балабақшамен қамтылған бала саны 42 %-ға

(2019 ж. - 567, 2024 ж. - 1404), жалпы орта білім беретін мектептерге қосылған бала саны 52,5 %-ға (2019 ж.-1691, 2024 ж – 3215) артты.

Сонымен қатар, облыстағы 297 мектептің 172-де инклюзивтік қолдау кабинеттері, 8 мектепте ресурстық орталықтар бар. Бұндай көрсеткіш республикада тек Қызылорда облысында ғана қалыптасқан. 2029 жылға дейін қосымша 14 инклюзивтік кабинеттер ашу жоспарланды.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар баланы түзету қолдауына уақытында жіберу өте маңызды. Бұл мүмкіндігі шектеулі баланың болашақта оқудағы қиындықтарын айтарлықтай жояды.

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік мекемелер мен қатар түзету қолдауын ақылы түрде ұсынатын жеке орталықтар қатары көбейіп келеді. Аталған орталықтар жалпыға міндетті білім беру стандартын негізге алмайды. Шетелдерде тәжірибеден өткен заманауи жаңа бағдарламаларды қолданып келеді. Түгелдей дерлік болмаса да мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде, сөйлеу тілінің бұзылуы, қарым қатынаспен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің қиындықтары (аутизм) бар балалардың жалпы ортаға қосылуында нәтижелі жетістіктерге қол жеткізіп келетіні байқалды.

Заманауи трендтер, жаңа әдіс-тәсілдерді қолданатын жеке орталықтар тәжірибесін зерделеу мақсатында әріптестік байланыс орнатылған. Мемлекеттік мекемелердегі арнайы мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында аталған орталықтармен бірлесе отырып, түрлі бағытта тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылып келеді.

Халықаралық тәжірибе. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында инклюзивті және арнайы білім берудің бекітілген бағдарламалары мен нормаларын әрдайым жаңғырту және кадрлық әлеуетті үнемі дамытып отыру қажеттілігі байқалады.

Шетелде 1970 жылдардан бастап мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін нормативтік актілер кешенін әзірлеу және енгізу жүргізіліп келеді. АҚШ пен Еуропаның қазіргі білім беру саясатында бірнеше тәсілдер дамыды, оның ішінде білімге қолжетімділікті кеңейту (widening participation), мейнстриминг (mainstreaming), интеграция (integration), инклюзия (inclusion). Мейнстриминг «ерекше» балалар құрдастарымен мерекелерде, түрлі мерекелік іс-шараларда сөйлеседі деп болжайды. Интеграция дегеніміз - ақыл-ойы мен физикалық дамуында ауытқуы бар балалардың қажеттіліктерін, оларға бейімделмеген, жалпы өзгеріссіз қалатын білім беру жүйесіне сәйкестендіру. Инклюзия - мектептерді реформалау және оқыту жағдайын барлық балаланың қажеттіліктеріне жауап беретіндей етіп қайта жоспарлау.

Сөйлеу тілінің бұзылысы және аутизм бұзылысы бар балалар санының көбеюі мәселесін шешу үшін инклюзивті және арнайы білім беру бағытында нәтижеге жетіп, үздік көрсеткіштер үлгісі саналатын Германия мемлекетінің озық тәжірибесіне тоқталып кетсек.

Германияда бұл бұзылысы бар балаларды тек қана оңалтып қана қоймай психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын медицина және әлеуметтік қамту саласымен толық интеграциялаған. Әр балаға ерте жастан жеке бағдарлама бекіте отырып, бір баламен медицина, педагогика және әлеуметтік сала қызметкерлерінен тұратын команда бала толық қоғамға бейімделгенге дейін жұмыс жасайды.

Карлсбад қаласындағы кәсіби білім беру орталығы осыған дәлел. Бұл кешенге келіп түскен мүмкіндігі шектеулі әр бала әрдайым медицина және педагогика, сонымен қатар әлеуметтік жұмыспен қамту салаларының қолдауына ие болады. Кешенді жұмыстың нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі әрбір бала тиімді оңалтудан өтіп қана қоймай кәсіби маман болып қалыптасып шығады.

Бұдан бөлек, орталықтың түлектері 100 пайыз жұмыспен қамтылып, әлеуметтік қолдауда шектеусіз мерзімге көптеген мүмкіндіктерге ие болады.

Мемлекеттің әр басым саласын интергациялай отырып, жалпы ортаға қосу тәжірибесі дамыған Германияда мүмкіндігі шектеулі адамдардың бәрімен бірдей мүмкіндікке ие екендігін және елде инклюзивті қоғам құрылғандығын бағамдауға болады.

Ал біздің елімізде шетелде тиімділігін көрсеткен озық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданып, пилоттық жобада тәжірибеге енгізу инклюзивті және арнайы білім берудің болашақтағы даму векторын анықтауына ықпал етері анық.

Қорытынды: Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып, дені сау болашақ ұрпақ үшін озық тәжірибелерді енгізу уақыт күттірмейтін маңызды міндет болып табылады деп айтуға болады.


Инклюзивті және арнайы білім беру - бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға көмектесу ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілік пен инклюзияның маңызды элементі.

Сондықтан инклюзивті және арнайы білім беруді дамыту қоғамда бірқатар интеграциялар жүйесін енгізу керек.

Біріншіден, арнайы білім берудегі инновациялар мен цифрландыру: жаңа технологиялар білім беру процестерін қалай жақсартып алады және ерекше қажеттіліктері бар балаларға қалай көмектесу алатынын анықтау.

Екіншіден, ерте қолдау: әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ерте араласу көмекке мұқтаж балалар үшін жоғары әлеуетті қамтамасыз етеді. Денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік салалар интеграциясы жасай отырып, ортақ кешенді орталық ашу маңызды.

Қорытындылай келе, инклюзивті және арнайы білім беруде озық тәжірибелерді енгізу бойынша **SWOT** талдау жүргізуге болады:



Ұсыныстар: Осылайша, жоғарыда көрсетілген тармақтарды ескере отырып, инклюзивті және арнайы білім беруді дамыту бойынша келесідей ұсыныстар ұсынылады:

1. Мемлекеттік және жекеменшік әріптестік аясында арнайы мамандары бірлестігін құра отырып, озық тәжірибелерді және заманауи технологияларды пайдалану алгоритмін әзірлеу. Қажетті қаржы көлемін анықтау.

2. Ерте қолдау: әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ерте араласу көмекке мұқтаж балалар үшін жоғары әлеуетті қамтамасыз етеді. Сондықтан саларалық интеграцияны дамыту бойынша жұмыстарды қолға алу

3. Тиімді білім беру модельдерін құру үшін үнемі кадр әлеуетін арттырып отыру.

4. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың отбасыларын қолдау тетіктерін жоғарыда көрсеткен шетел тәжірибелерін салыстыра отырып, дамыту қажет.

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты - даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту, білім беру.

Белгіленген ұсыныстар инклюзивті және арнайы білім беруді дамуына ықпал ете отырып, даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың отбасының әлеуметтік және психологиялық жағдайын барынша жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, білім берудің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту, сондай-ақ әрбір бала өз әлеуетін аша алатын ортаны құру жолында маңызды қадам болады.

Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер:

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет ресурсы - <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/53352?lang=kk>
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>
4. БАҚ.kz. https://baq.kz/inklyuzivti-bilim-kazakstanda-erekshe-balalar-kalay-bilim-alady_244410/
5. Қызылорда облысының білім басқармасының интернет сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-bilim/activities/4612?lang=kk>
6. Германиядағы инклюзивті білім берудің тарихы <https://www.deutschland.de/ru/topic/obschestvo/istoriya-inklyuzii-v-germanii>